



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

9. Эфендиев Ф.С. Этнокультура и национальное самосознание. Нальчик: изд. Эль-Фа, 1999, 329 с.
10. Старинная карачаево-балкарская свадьба. Кудаев М.Ч. – Нальчик: Книга, 2011, 200 с.
11. Назарбаев Н.А. – основоположник казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия // Сост.: Нысанбаев А.Н., Косиченко А.Г. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2010, 365 с.

УДК 811.512.161'373

ОСМАН КЕЗЕҢІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Мейрбекова Еркежан

erke.96@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті
түркітану кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Жиёмбаева Г.Т.

Қазіргі таңда материалдық және рухани мәдениеттермен қоса, технологиялық мәдениет те қоғамдық ортада кеңінен қолданылып келеді. Әлем халқының қолын байлап отырған компьютер кереметтері эмоционалдық-экспрессивті реңкті, сұлу суреттерді халқымыздың тіл байлығы – фразеологизмдер, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, аталы сөздері сияқты жеткізе алмайды. Тілдегі осы көне тамырлы сөздерімізді ешқандай технология алмастырып бермейді.

Осы күнгі тіл білімінде фразеологизм деген ұғым кең мағынада қолданылады. 1990 жылы шыққан «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмге мынадай анықтама берілген: «Фразеологизм дегеніміз - формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер» [1, 184 б.].

Қазақ тіліндегі фразеология мәселесін алғаш зерттеуші, жан-жақты тоқталушы ғалымымыз І.Кенесбаев өз еңбегінде «Қазақ тіліндегі тиянақты тіркестер (фразеологизмдер) - тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория және олардың әр алуан, ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін саралай зерттейтін дербес пән – фразеология» [3, 591 б.] деп көрсетеді. Яғни, фразеологияны лексикадан ажыратып, лексиканың бойынан табылмайтын «тұрақтылық», «тұтастылық», «тиянақтылық», «бейнелілік» сияқты критерийлерді атап көрсетеді.

Фразеология мәселелері – бұрыннан зерттеліп келе жатқанымен, оның қарқынды түрде қолға алынуы соңғы кездің жемісі. Фразеология туралы 500-ден астам мақала жарияланған екен [2, 75 б.]. Осы мақалаларда түркі тілдеріне ортақ фразеологиялық қордың бар екендігі айтылады. Олар мағынасы, құрылымы, жасалу жолдары жағынан ұқсас болып келеді. Жалпы түрктанушы ғалымдардың еңбектерін шолу барысында сөз тіркесі мәселесі 1954 жылдан бері талқыланып келе жатқанын көреміз. Бұл ретте татар ғалымдары Г.Х.Ахатов, Г.Х.Ахунжанов, өзбек ғалымы Ш. Рахматуллаев, азербайжан тілі бойынша Г.А.Байрамов, түрік тілі бойынша Р. Р. Юсипова жариялаған еңбектерді атап өтуге болады. Бұл ретте түрік тіл білімінде фразеологияның жеке бір ғылым саласы ретінде (Deyimbilim) қалыптасуы Д.Аксан, О.А.Аксой, Л.С.Узун сияқты тұлғалардың ізденіс, еңбектерімен байланысты.

Түрік тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Yusuf Ziya Bahadinh фразеологизмге мынадай анықтама береді: «Фразеологизм – екі немесе одан да көп элементтерден тұратын, ауызша және жазбаша тілді көркемдеу құралы ретінде қолданылатын сөздер тобы» [4, 31 б.]. Тұрақты тіркестер түрік тілінің лингвистикалық сөздігінде *deyimler* терминімен берілген.

Фразеологизмдердің пайда болуына халықтың әлеуметтік, тұрмыс-тіршілігіндегі әртүрлі жағдайлар себеп болған. Оларды бірнеше салаға бөлуге болады:

1. Бірқатар фразеологизмнің пайда болуына халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері себеп болған.
2. Діни ұғымға, ескі түсінікке, киелі сандарға байланысты туған фразеологизмдер.
3. Кітаби фразеологизм. Кітаби лексика сияқты бұлар негізінен әдеби тілге тән, көркем әдебиетте, публицистикалық, ғылыми шығармаларда қолданылады [1, 185 б.].

Бұл ретте Азия, Еуропа, Африка елдерін жаулап алып, алты ғасыр бойы өз үстемдігін жүргізген Осман империясында да халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әлеуметтік жағдайларына байланысты көптеген өзгерістер орын алды. Ол, әрине, тілге өз әсерін тигізбей қоймады. Яғни, түрік тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің шығу тегі жағынан көне түркі дәуірімен де, Осман кезеңімен де байланысты. Сол дәуірлердің бәрі де фразеологизмдердің қалыптасуына өз ізін қалдырғаны сөзсіз. Алайда әр дәуірге тән фразеологизмдер қандай, қалай дамыды деген мәселелер әлі де ашылған жоқ. Бұл мәселелерді шешу үшін көне жазба ескерткіштерге, мәдени мұраларға назар аударылып, зерттелуі керек. Дегенмен де фразеологизмдердің қазірге кезде қай кезеңге жататыны жайлы болжам болмаса, нақты зерттеулер жоқтың қасы. Жалпы тұжырымдар нәтижесінде Осман кезеңінде пайда болған бір топ фразеологизмдерді атап өтуімізге болады: *eşeğe ters binmek, Ayasofya 'da dilenip Sultanahmet 'te sadaka vermek, atı alan Üsküdarı geçti, Üsküdar'da sabah oldu, hapı yutmak, keçileri kaçırmak, ipsiz sapsız* т.б. Бұл фразеологизмдердің барлығы дерлігінің шығу тарихы халықтың күнделікті тұрмысымен байланысты, соның негізінде пайда болып отырған. Османлы кезеңінде пайда болған кей фразеологизмдердің шығу тарихына көз жүгіртсек:

Османлы кезеңінде кейбір қылмыс жасаған кінәлі адамдарды Стамбұл базары сияқты адам көп жүретін жерлерде басқаларға сабақ болсын деген ниетпен, есекке теріс отырғызып жүргізетін болған. Мұнымен қоса қылмыскердің басына қойдың қарнын, ішегін тағатын кездері де болған. Халықтың барлығы жиналатын жер болғандықтан, қылмыскер үшін бұл кемеітушілік еді. Осындай халық тұрмыс-тіршілігіндегі күнделікті жағдайлардан түрік тіліне «*kulağını tersten göstermek*» фразеологизмі енген еді.

Қазіргі таңда *kulağını tersten göstermek* немесе *eşeğe ters binmek (есекке теріс мініу)* фразеологизмі «оңай жолы бар жұмысты қиын немесе күрмелең тәсілдер қолдану арқылы шешу» мағынасына сай келеді [5, 7 б.].

İpsiz sapsız (жіңсіз-сәпсіз) - жұмыс атқармайтын, бос жүрген адамдар үшін айтылатын тұрақты сөз тіркесі [5, 9 б.].

Ертеде Анадолының әртүрлі жерлерінен Стамбұлға жұмыс іздеп, ақша табу үшін адамдар келетін. Олардың өз кәсібін ашуға қаражаттары болмаса да, жүк тасып нәпақаларын айыратын болған. Дегенмен, жүк тасушы болу үшін де жібі немесе жіп алатын ақшасы болу керек еді. Алайда, кейбір ауыл адамдарының жібі де, жіп алатын ақшасы да болмады. Осыдан кейін көпшілік «жіпсіз» деп атап кеткен.

Sultanahmet'te dilenip Ayasofya'da sadaka vermek (Сұлтан Ахметте қайыршыланып, Айя Софияда садақа беру)

Басқалардың көмегімен өмір сүретін, бірақ өзін көрсету мақсатында қолындағы барын баршаға жария ететін адамдар үшін “*Sultanahmet'te dilenip Ayasofya'da sadaka /zekât vermek*” тұрақты сөз тіркесі қолданылады [5, 3-4 б.].

Ateş pahası (От бағасында) - өте қымбат, бағасы жоғары.

Баяғыда Османлы билеушілерінің бірі шабармандарымен бірге аңға шығады. Бір киіктің артынан қуып жүріп, уақыттың өтіп, күннің батқанын да байқамай қалады. Бір уақытта күн бұлттанып, қатты жел тұрып, оның арты нөсер жауынға ұласады. Падидша мен оның адамдары жақын жердегі бір үйшікке келіп паналайды. Олардың паналап келген жері отыншының үйшігі екен. Отыншы оларды ішке кіргізеді. Падидша әлгі адамды ыңғайсыз жағдайға қалдырмайын деп кім екендіктерін айтпайды. Алайда отыншы келгендердің шамамен кім екендіктерін жобалап, пешке ірі-ірі отындардан салып жақсылап тұрып ысытады. Далада үсті-бастары малмандай су болып, жаурап қалған падиша мен оның

адамдары отыншыға риза болып сол жерде қонақтап қалады. Бір уақытта сұлтан сөз арасында:

- Мына от мың алтынға тұрады екен, - деп, айтып қалады.

Ертесі күн жолға жиналған падиша отыншыдан:

- Бізді паналатып жақсылық жасадың. Сенің лапылдап жаққан отыңның арқасында жақсы қонып шықтық. Қарызымыз қанша, айтшы? - дейді.

Отыншы осы мүмкіндікті жіберіп алмайын деп құнын өсіріп:

- Мырзам, мың алтын! - дейді.

Уәзірлердің бірі:

- Бізге не жасап соншалықты шығындалдың? - деп ашуланады.

- Таңға дейін отты үздіксіз жақтым. Мынадай таудың басында бұндай от аз кездеседі, - деп жауап береді.

- От осыншалықты қымбат па еді? - дейді уәзір тағы.

Сол кезде падиша уәзіріне бұрылып:

- Төре, от жақсы жанды, енді бағасын беріңдер, - дейді.

Отыншының бұл әрекеті халық арасына жайылып құнынан жоғары баға қойылған нәрселер туралы «оттың бағасындай» дей бастайды және келе-келе сөз тіркесіне айналады. Білетініміздей өте қымбат бағаға бүгіндері де *ateş pahası* дейміз[5, 3 б.].

Saman altundan su yürütmek (Сабан астынан су жүгірту) - басқаларға білдірмей, ойлаған ісін жүзеге асыру.

Жазық еңістікте орналасқан ауылда бір ғана өзен бар екен. Өзен суының ауыл егістіктерінің барлығына жетерліктей мол суы болмағандықтан, кезек-кезек күнделікті бір адам суғарып, қалғандары кезегін күтеді екен. Бір күні қу біреу өзеннен өз егістігіне қарай жасырын канал жасап, басқалар біліп қоймасын деп, үстін топырақ, сабанмен жауып тастайды. Осылайша, егістігіне күнделікті жеткілікті су келіп, әлгі адам жақсы өнім алады. Біраз уақыттан кейін өзен суының азайғанынан, егістігінің жайқалып тұрғанынан сезіктенген ауыл адамдары әлгі адамның егістігін барып тексереді. Қараса канал суға толы, егістігі жайқалып тұр. Оның мына қылығына ашуланған ауыл адамдары «Әй, арам неме! Сабан астынан су жүгірткенің не?» - деген екен [5, 9].

Pabucun dama atmak (Шәркейді тамға лақтыру) - өзінен жоғары біреудің пайда болуына байланысты бұрыңғы ықыластан айрылуы.

Османлы кезеңінде қолөнер, сауда-саттық істеріндегі тәртіпті ретке келтіріп, дұрыс істелінбеген заттың, сапасыз істің алдын алу үшін қызық бір шара жасалған екен. Мысалы, бір аяқ киім алдыңыз немесе жөндеттірдіңіз делік. Егер шағымданған адамдікі шынымен де дұрыс болса, аяқкиімнің бағасы шағымданушы адамға қайтарылып беріледі. Аяқкиімді де басқаларға сабақ болсын деп, сатушының немесе жөндеушінің шатырына лақтырады екен. Келіп-кеткен адамдар да осыған қарап, аяқкиімді кімнің жақсы, кімнің жаман жөндейтінін біледі. Осылайша, бірнеше шәркей тамына лақтырылған аяқкиім иесі табыстан да айрылады екен[5, 10 б.].

Vermeyince Mabud neylesin Sultan Mahmut (Бермеген соң Құдай, не қылсын Сұлтан Махмұт)

Баяғыда Сұлтан Махмұтқа жолы болмайтын бір адам туралы айтылған екен. Сұлтан әлгі адамды өзі сынап көргісі келеді.

Үлкен бір ыдысқа баклава жасатып, астына көрінбейтіндей қылып, алтын тізіп қояды. Қызметшісін жіберіп, оған мына ыдысты біреудің беріп жібергенін айтып, қолына ұстатуын және оны артынан бақылауды тапсырады.

Әлгі адам ыдысты алып келе жатып жолда бір танысына кездеседі. Екеуі де ыдыста алтын барын білмейді. Кездескен адамы оның баклава туралы әңгімесін естігеннен кейін оған жақсылық жасайын деп «Сен баклаваға қарағанда ақшаға мұқтажсың. Мына екі алтынды алып ыдысыңды маған сат», - дейді. Танысының ұсынысына риза болған адам ыдысты сатып жібереді. Сұлтан мұны естіп «Ой, Алла», - деп таң қалады.

Сол адам күнделікті көпірдің бір жағымен ғана жүреді екен. Сұлтан адамның

күнделікті жүретін жағына алтын тізгізіп, қарамағындағы қызметкерлеріне бақылап тұруды тапсырады.

Адам көпірге таяғанда «күнде бір жақпен ғана жүремін, бүгін мына жақпен жүріп көрейінші, бір өзгеріс болсын» деп ойлайды.

Сұлтан болғандарды естіп таң қалады. Әлгі адамды үлкен егістікке алып келуге бұйрық береді. Қорқып-дірілдеп тұрған адамның қолына бір темір беріп «Мына темірді алысқа лақтыр. Қай жерге барып қадалса сол жерге дейінгі егістік сенікі болады», - дейді.

Адамның лақтырған темірі әуеде жебедей шыр айналып аяғының түбіне келіп қадалады. Сұлтан әлгі маңдайы тайқы адамды «Алып келіндер», - дейді. Адамның қолына күрек бергізіп «Күректі қаз, не шықса сол сенікі», - дейді. Адам қорқып, бір жағынан толқып, күректі терісінен қадайды. Қазып-қазып бір темір ақша тауыпты.

Сұлтан «нәсіп» дегеннің не екендігін сол кезде түсінеді.

«Vermeyince Mabud neylesin Sultan Mahmut» сөз тіркесі осы сұлтанның қалауымен шығарылған екен[5, 16-18 б.].

Жоғарыда айтылған мысалдарды оқи отырып, фразеологизмдердің шығу тегіне өз заманындағы оқиғалар, халықтың шаруашылығы әсерін тигізбей қоймағанын көре аламыз.

Бүгінгі күні фразеологияның практикалық, теориялық мәселелерін зерттеуді лингвист ғалымдардың мықтап қолға алу салдарынан, түрік тілінде де, қазақ тілінде де фразеология - өз алдына дербес пән дәрежесіне жетіп отыр. Сонда да түркі халықтарындағы фразеологизмдерді кең көлемде зерттеу қажеттігін жоққа шығаруға болмайды. Бұл мәселе әлі де жете зерттеуді, талқылауды қажет етеді.

Қолданылған әдебиет

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 264 бет.
2. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай баспасы, 2014. – 640 бет.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. 590 бет
4. Голикова Ж. А. Перевод с английского на русский. Учеб. пособие 2-е изд., испр. – Москва: Новое издание.
5. Çilem Tercüman., İstanbul'un 100 deyiimi. – İstanbul: Kültür A.Ş., 2008. – 65 s.

УДК 81:811.512.1

ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ КАК ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА И ЕЕ ВИДЫ

Муратов Мирас Нурланович

mirasnurlanuli@gmail.com

Магистрант кафедры тюркологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – С.Ж.Тажибаева

Термин «интерференция» – латинского происхождения и обозначает: «inter» между + «ferens» («ferentis») несущий, переносящий. В «Современном словаре иностранных слов» (гл. ред. Л.Н. Комарова) говорится, что «источником его является физика со значением наложения волн, ведущего к их взаимному усилению или ослаблению» [1, с.148]. Явление интерференции изучается в лингвистике, социолингвистике, психологии, психолингвистике, методике преподавания иностранных языков.

Психологи рассматривают интерференцию как возникновение препятствий и помех вследствие переноса навыков и умений из одной деятельности в другую. Учитывая психолингвистическую сторону данного явления, так как форма речевых произведений, вызванных интерференцией, обусловлена функционированием психофизиологических